

А.Байтұрсынұлының идеялары рухында тәрбиеленген, руханият пен адамгершілік, өзін-өзі құрметтеу және өзін-өзі жүзеге асыру идеясына қаныққан, әдістемеге, оның қазақ тілі, әдебиеті, психологиясы мен өнері саласындағы ілімдеріне сүйене отырып, қазіргі әлемде елдің білім беру жүйесінде жаһандық өзгерістерді жүзеге асыратын прогрессивті жастардың ұрпағы болатыны сөзсіз.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Нұрғалиев Р. Алып бәйтерек //А.Байтұрсынұлы. Ақ жол. –Алматы, 1991. 12-13-бб
2. Байтұрсынов, А.Мектеп керектері /А. Байтұрсынов // Қазақ. -1914.-№ 62. - 196 – 198 б.
3. Байтұрсынов, А.Оқу жайы /А. Байтұрсынов. // Қазақ. -1913.-№ 11. – 199
4. Байтұрсынов, А. Қазақша оқу жайынан [Мәтін] / А.Байтұрсынов // Қазақ.-1913 ж. - 14. – 199-200 б
5. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш//А.Байтұрсынов шығармалары. –Алматы, 1989. 192б.

### **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ҰСЫНҒАН ӘДІСТЕМЕ — ОҚИТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ НЕГІЗІ**

*Аманкелді К.Р., магистрант  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ, Тарих факультеті  
Қарағанды қ., Қазақстан*

Заман талабына сай тұлға тәрбиелеу үшін алдымен білім саласына көп көңіл бөлінуі міндетті. Бұл тұрғыдан еліміз дамыған елдердің Бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеуде ең алдымен тәрбиелеушіге, яғни ұстазға үлкен үміт артылуда. Осы тұрғыдан Н.Ә. Назарбаев өзінің халыққа арналған жолдауында былай дейді: «XXI ғасырда алдыңғы саптағы елдер қатарына өз жастарының интеллектуалды және рухани әлеуетін барынша дамыта алатын оқу орындарының ең тиімді жүйесін жасаған ел ғана көтере алады» [1]. Қазақстан Республикасының әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына ену міндеті елде технологиялық білімі бар, басқарушылық қабілетке ие, нарықтық экономикада дұрыс бағыт таңдай алатын жоғары білікті мамандар болған кезде және дүниежүзілік нарықтық экономиканың қажеттіліктеріне жауап беретін тиімді білім беру жүйесі құрылғанда шешіле алады.

Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнмен қамтамасыз ету міндеті тұр. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі – мұғалім. Жаңа формация мұғалімі рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық-әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құдыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани-адамгершілікті, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға. Елбасымыз «Қазіргі кезеңдегі басты мәселенің бірі жаңа технологиялардың дамуы кезеңінде болашақ ұрпақтың тәрбиесі мен білім алуында ұстаздардың атқаратын рөлі ерекше. Егемен еліміздің болашағы, оның әлемдік өркениеттегі өз орны, ең алдымен білім мен тәрбиенің бастауы – ұстаз қолында» - деп атап көрсеткен болатын [1].

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде тірек белгілері мен тірек конспекттері негізінде оқыту технологиясы (В.Ф.Шаталов), дамыта оқыту технологиясы (Л.С. Выготский, Л.В.Зенков, Д.Давыдов), саралап оқыту технологиясы (В.В.Фирсов, Н.П.Гузик), жекеше оқыту технологиясы (А.С.Границкая, В.Д.Шадриков), оза отырып оқыту технологиясы (С.Н.Лысенкова), топтық және ұжымдық оқыту технологиясы (И.Д. Первин, В.К.Дьяченко), өздігінен даму технологиясы (М.Монтессори), ойын технологиясы,

проблемалық оқыту технологиясы, жаңа ақпарат-коммуникативтік технологиясы, тренингтік технология, интеграциялау технологиясы, бағдарламалап оқыту технологиясы, компьютерлік оқыту технологиясы, модульдік оқыту технологиясы, мультимедиялық технология, жобалау технологиясы және т.б. көптеген жаңа технологиялар қолданылуда. Өйткені қазіргі білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім беруді жаңаша ұйымдастырудың философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді.

Жаңа технология дегеніміз не?

«Жаңа технология – бұрыннан белгілі жанама амал-тәсілдерді қолдана отырып іздену, сол ізденістерді ғылыммен ұштастыра отырып, жоғарғы көрсеткіштерге қол жеткізу» [2].

Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов сынды ағартушылардың еңбектерінде жоғарыда аталған технологиялар элементтері бар. Қазіргі біз пайдаланып жүрген жаңа технологиялардың іргетасының қалануына осы элементтердің де ықпалы бар. Ескісіз жаңа жоқ.

«Егер балалар бірденені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиіс емес, оларға түсіндіре алмаған өзін кінәлауға тиіс. Ол балалармен сөйлескенде, шыдамдылық етуі керек...» - деп айтқан болатын [3] кезінде Ы.Алтынсарин. Ол қазақ тілі сабақтарында оқушылардың тілдік дағдыларын жетілдіру мен шығармашылыққа баулу әдістерін алдыңғы қатарға қою арқылы оқушының тілдік сауаттылығын әдеби тілде таза сөйлеуге, ана тілінің қыр-сырын терең меңгеруге баулыған еді. «Қазақ хрестоматиясы» атты еңбегінде қазақ балаларының өміріне, табиғатына жақын келетін материалдарды пайдаланған. Бұл қазіргі мәтінге қойылатын талаптар үлдісінен шығады. Ы.Алтынсарин оқу мәтіндерінің ықшам және түсінікті болуына мән берген.

Оқушылардың сөйлеу тілін дамытуда оқудың, әңгімелесудің, пікірталас, рөлдік ойындар, кейіпкерлерге мінездеме берудің маңызын атап көрсеткен. Бүгінгі таңдағы технологиялардың ішінен тілдік дағдыны жетілдіру мәселесін арнайы атап көрсетіп бермесе де, алғашқы қазақ мектептерінің шәкірттеріне арналған еңбектерінде Ы.Алтынсариннің дамыта оқыту технологиясын үздіксіз жүзеге асырып отырғаны айқын көрініс тапқан.

XX ғасырдың алғашқы он-он бес жылында қазақтың ұлттық зиялыларының қуатты шоғыры дүниеге келді. Солардың көпшілігі ағартушылық жұмысқа білек сыбанып араласуы нәтижесінде қазіргі білім беру жүйесіне біршама дүбірлі жаңалықтар мен сан-салалы сапалы өзгертулер енгеніне көз жеткізуге болады. XX ғасыр басында Ахмет Байтұрсынұлы «Мұғалімнің қызметі оның керек орны, өздігінен алатын тәжірибелі білімнің ұзақ жолы қысқару үшін, сол жолдан балалар қиналмай өту үшін, керек білімін кешікпей кезінде алып отыру үшін, балаға жұмысты әліне шағындап беру мен бетін белгіленген мақсатқа түзеп отыру»-дейді [4].

Мұғалім өз сабағында жаңа технологияларды тиімді, жүйелі, ретпен пайдалану арқылы оқушыларының білім сапасы мен қабілетін жан-жақты дамытып, шығармашылық қабілеттерін арттыра алуы қажет. Бұл ретте оқушының тұлға ретінде дамуы мұғалімге, мұғалімнің білімі мен қабілетіне байланысты. Осы жайында А.Байтұрсынұлының «Жақсы мұғалім деген атқа әдістерді меңгеріп, соларды оқытуда қолдана білу ғана емес, сонымен қатар сабақ ерекшелігіне қарай өз тарапынан ұтымды тәсілді ұшқыр пайдаланғанда ғана жетуге болады»- деген сөзін [4] ескеруіміз керек.

Ахмет Байтұрсынұлының «балаға жұмысты әліне шағындап беру мен бетін белгіленген мақсатқа түзеп отыру» дегені қазіргі саралап оқыту технологиясын ұйымдастырудың психологиялық және педагогикалық негіздерін танытады. Саралап оқыту технологиясы – орта мектептегі оқу жоспары мен бағдарламасын оқушылардың бейімі мен қабілетіне, білім деңгейіне қарай жіктеу. Саралап оқыту білім деңгейі әр түрлі оқушыларды топтарға жіктеп, әр топты өз деңгейіне сай оқытып, білімін одан әрі

жетілдіру үшін қолданылады. Негізінен тәжірибеде саралап оқытудың екі түрі кеңінен қолданылады:

1. Деңгейлеп саралау;
2. Бағдарлық саралау.

Деңгейлік саралау – оқушылардың бір сыныпта бір бағдарлама және бір оқулықпен оқу материалын түрлі деңгейде меңгеруі. Бағдарлық саралау – оқушылардың әр түрлі тобымен оқу материалын деңгейі жоғары мазмұны бағдарламамен оқып-үйренуі. Бұл технология дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді, өйткені ол оқушының ойлау, елестету мен еске сақтау қабілеттерін, ынтасын, белсенділігін, білім сапасын дамытуға көмектеседі. Деңгейлеп саралау технологиясы оқушының да, мұғалімнің де белсенді шығармашылық қызметін дамытуға бағытталған.

Ғалым А.Байтұрсынұлы 1914 жылы жарық көрген «Тіл құрал» атты еңбегіндегі басты мақсатты былай деп көрсетеді: «Бұл әліп-би жаңа әдіске көшу жөніндегі көңіл тілегі мен қол қысқалығын бір-біріне жанастырып, жақындату шарасын табу түрде шығарылып тұр. Үйрету жағынан «дыбыс әдісі» мен «тұтас оқу әдісінің» екеуіне бірдей жатарлығы көзделді. Мазмұн жағынан қазақ жағдайына жанастырылып, жаңа програмша болуы көзделеді» [4].

А.Байтұрсынұлының «тұтас оқу» деп көрсеткен әдісінің бүгінгі таңдағы жаңа материалды түсіндіру, бекіту, қайталау, білім, ептілік дағдыларды тексеру тәрізді бөлімдерден тұратыны, оны әр мұғалім өз сабағында қолданып жүргені белгілі. Бұл аталған әдістер сабақ құрылымында сан қилы байланысқа түеді. Сабақ құрылымының көптүрлілігі сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдерге байланысты болып келеді. Осы орайда А.Байтұрсынұлы «әліп-би үйретудің өзінде де толып жатқан әдіс бар. Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай. Мәселен сауаттау әдісін алсақ, бір жұрттың сауат ісіне қолайлы болған әдіс екінші жұрттың сауаттау ісіне қолайлы боларға тиіс деп атауға болмайды» - дейді [4]. Демек, әрбір әдіс керек жерінде оңтайлы қолданылғаны дұрыс.

А.Байтұрсынұлы оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру үшін оларға қажетті мәтіндер мен тапсырмаларды іріктеп беріп отырған. Берілген тапсырмалардың мақсаты айқын көрсетілгенде ғана белгілі бір жетістікке қол жеткізуге болады. Сондықтан мұғалім қандай тапсырма берсе де, оны орындаудағы мақсатты айқын саралап көрсеткені жөн. Ағартушы педагог тіл үйретуде басты назар аударатын мәселелер төмендегі әрекеттерді көрсеткен:

- 1) оқу үйрету;
- 2) жазу үйрету;
- 3) сөйлеу үйрету.

Оның оқу процесін ұйымдастыруда әңгіме, сұрақ-жауап, өздік жұмыс, салыстыру, тіл дамыту технологиясын, оқулықпен жұмыс істеу, ойын әдістерін шебер қолданғандығын, сонымен қатар дамыта оқыту, жүйелеп оқыту технологиясын, деңгейлік тапсырмалармен жұмыс түрлерін, топтық, ұжымдық жұмыс түрлерінің барлығын қамтығанын көре аламыз. Мәселен, әңгіме әдісі – бастауыш сынып оқушылары үшін қолданылатын негізгі әдістің бірі. Бұл ретте сұрақ қоя білу ерекше рөл атқарады. Сұрақ қою арқылы оқушылардың тез жауап беру дағдысы қалыптасады. Ғалым сауалдың қысқа да түсінікті, ауызекі сөйлеу түріне бейімдеу болғанын тәуір көрген. Жалпы әңгіме әдісі оқу материалының мазмұнының ашылуына, баланың танымдық дәрежесінің айқындалуына үлкен себін тигізеді. Бұған қоса оқушыларды сабақта еркін сөйлеу процесіне қатыстыру арқылы тіл байлығын жетілдіру жолындағы танымдық-тағылымдық мақсат та жүзеге асырылады.

Ғалым оқу-үйретуде қолданылатын әдістерді пайдаланудың өзіндік қағидаларын ұсынды:

- тіл үйрету үшін мұғалім бірнеше әдісті меңгеріп қана қоймай, табанда өзі қажетті әдісті тауып, пайдалана білу керек;

- мұғалім балаға білімді ол тәжірибесі арқылы жинақтауға жағдай жасап, тілді тез үйренуге жағдай сілтеп отыруы керек;

- сабақ барысында мұғалім түрліше әдістерге сүйеніп қана қоймай, оқытушы мен оқушы арасындағы тең дәрежедегі қарым-қатынасты іске асырушы ретінде де еңбек етуі керек.

А.Байтұрсынұлының «Тіл-құрал» атты еңбегіндегі мысалдардың қазіргі кездегі жаңа технология мысалдарымен сабақтас екенін көруге болады. Ол еңбекте жалпылау әдісі, дыбысты әдіс, әңгімелесу, оқытудың ойын әдісі сияқты түрлері көрсетілген.

Алаштың тағы бір біртуар перзенті Мағжан Жұмабайұлы «Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, берік һәм өз жанымызға (қазақ жанына) үйлесетін негізде құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады»-дейді [5]. Ағартушы педагог, ғалым, қазақтың ХХ ғасырдағы ақыны Мағжан Жұмабайұлының педагогика-психология саласындағы еңбектерінің маңызы мен құндылығын оның «Педагогика» деген оқулығы арқылы дәлелдеуге болады. Қазіргі білім беру жүйесіндегі технологиялар негізінде жалпы мектеп, орта және жоғары оқу орындары шәкірттерінен дара тұлға қалыптастыру мақсат етілсе, бұл мәселе ғалымның еңбегінде басты қағида болып ертеректе әлдеқашан айтылып қойған болатын:

- оқушы мен мұғалім арасындағы ұлттық тәлім-тәрбиеге құрылған достық қарым-қатынас орнату;

- жаңа білімге ескі білімді байлап оқыту. Бұл жерде ғалым: «...бір нәрсені бала есіне тез алсын һәм ұзақ ұстасын десе, балаға жаңа беретін білімді жат күйінде бермесін, баланы бұрынғы таныс білімдеріне байлап берсін» - деген пікірін айтады[5].

- жақыннан алысқа оқыту;

- таныстан жатқа көшу;

- жеңілден ауырға көшу.

Мағжан Жұмабайұлының оқулығындағы ерекшелік, баланың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіріп, білімді де білікті, салиқалы да парасатты, ұлтжанды, жан-жақты жетілген дара тұлға тәрбиелеу мақсат етіледі.

Жүсіпбек Аймауытұлының «Ана тілін жақсы меңгеріп алмай тұрып, өзге пәндерді түсіну мүмкін емес. Ана тілі жүректің терең сырларын, халықтың басынан кешкен дәуірлерін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, сақтап отыратын қазына» - деген тұжырымы өзге пәнді меңгертуде ескерілуі тиіс. Әдіскер-ғалым Жүсіпбек Аймауытұлы «Тәрбиеге көмекші», «Тәрбие жетекшісі», «Психология», «Комплексті оқыту жолдары» деген еңбектерінде біздің бүгінгі таңда білім берудің жаңа технологиялары деп қарастырып жүрген мәселелердің көбінің бұрыннан да аталып жүргенін көре аламыз.

Еңбектерінде ағартушы демократ сабақты пәнаралық байланыс арқылы оқыту туралы өз пайымдауларын жасайды. Автор адамның жан қуатын ынталандыру әдісі арқылы тәрбиелеп жетілдірудегі тарих пәнінің алар орнын айта кетеді: «Тарихты оқыту арқылы шәкірттерге қазіргі өмір мен өткен заманның байланыс заңдылықтарын ажыра білерлік сана туғызамыз» - дейді [2].

Ж.Аймауытұлы 1929 жылы «Комплексті оқыту жолдары» деген еңбегінде баланың білімге деген ынта-ықыласын, зейін-зердесін арттыру үшін мұғалімдерге қойылатын талаптарды атап көрсетеді:

- жаңа беретін білімді баланың бұрын меңгерген біліміне негіздеу;

- проблемалық сұрақтар қоя отырып, олардың назарын меңгерілетін жаңа білімге бағыттау;

- басы артық қажетсіз мағлұматтарды айтудан сақтану;

- салыстыру, терең ұқсату сияқты тәсілдерді қолдану арқылы балалардың білімге деген қызығушылығын арттыру.

Міржақып Дулатұлы оқытудың баяндау, әңгіме, түсіндіру әдістеріне ерекше мән беріп, тұрмыс-салтқа, әдет-ғұрыпқа байланысты тақырыптарды әсерлі баяндаудың

тәсілдерін көрсетіп берді. Ол «баланы толық жауап беруге әдеттендіру керек», - дейді. Сөйтіп, оқытушы көркемдеп оқытудың жаңаша жолдарын ұсынып, мұғалімдерден соны іс-әрекеттерді талап етеді. «Балалар дұрыс оқи алмай, қиналған жерде мұғалім өзі оқып, көрсету лайық», - дейді [2].

Сонымен қазіргі таңдағы жаңалықтар жүйесі ретінде қаралып отырған жаңа технологияларды ескінің айналып келуінен немесе өзгеріске түсіп, қайталануынан туған әдіс-дәстүрлер деп қараймыз. Осыған байланысты В.Г.Белинский: «Ең ескі дүниені жаңамен байланыстырып өзгеше сипат беріп, жаңалық ашуға болады»-дейді [6]. Мысалы, В.Т.Шаталовтың тірек конспектілері бұрыннан қолданылып келе жатқанымен, мектептердің қазіргі даму жағдайына байланысты «жаңа» бір әдіс-тәсіл ретінде, яғни белгілі бір өзгерістерді өмірге енгізу арқылы мұғалімдердің жұмысында кеңінен пайдаланылып жүр.

Жаңа технологиялар ескі дәстүрдің нәтижесінде пайда болғанын дәлелдеуге тырысатын тағы бір пікір – А.Адамскийдің пікірі: «Тек аңқау немесе жаңылысқан адам ғана оқытудың жаңа инновациялық технологиялары дәстүрлі әдістің баламасы деп айтады» [6]. Яғни, ол дәстүрлі әдістің ешқашанда жойылып кетпейтінін немесе қолданыссыз қалмайтынын, дәстүрлі әдіс жаңа технологиялардың бастамасы екенін дәлелдейді. Осыған орай С.И.Ожегов былай дейді: «жаңа әдіс дегеніміз – бұрынғыға жақын немесе бұрынғылардың өзгеріске түсуі және бұрынғымен тікелей байланысып, олардың орнын басқан әдістер»-деген болатын [7].

Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр» - деген тұжырымын есте ұстар болсақ, айналып келгенде барлығы да ұстаздың қарым-қабілетіне, шеберлігіне, тапқырлығына, білімділігіне байланысты. Заман талабына сай ұстаз қалыптастыруда Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынұлы, М.Жұмбайұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Дулатұлылардың оқыту технологияларының басшылыққа алынуы – бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауы //Астана, 2012.
2. Педагогикалық ғылыми мұра.-Алматы: Ан Арыс, 2009.-120 б.
3. Алтынсарин Ы. Таңдамалы педагогикалық мұралары. -Алматы: Рауан,1991. -196 б.
4. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. -Алматы: Ана тілі, 1992.-448 б.
5. Жұмбаев М. Педагогика. -Алматы: Рауан, 1993.-112 б.
6. Загвязинский В.И. Методология и методика дидактического исследования: - Москва:Педагогика, 1982.-150с.
7. Ожегов С.И. Словарь русского языка. – Москва:Русский язык, 1978. -846 с.

#### **А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ**

*Байгенжинова Ж.К.  
информатика пәні мұғалімі, педагог-модератор,  
педагогика ғылымдарының магистрі  
Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласының  
«№ 7 жалпы білім беретін мектебі» КММ, Қазақстан*

ҚазКСР-дағы халық ағарту ісінің бірінші комиссары (1920-1921) Ахмет Байтұрсынұлы "Мұғалім – мектептің жаны» деген ұстанымды ұстанды. Қандай мұғалім, мектеп, яғни, оқушылардың білім сапасы мұғалімнің өзі қаншалықты дайындалғанына